



Бекітемін: _____

(Handwritten signature)

«С.Сейфуллин атындағы Жаңалық орта мектебі»

коммуналдық мемлекеттік мекеме

директоры: М.Есембаев

2021-2022 оқу жылы бойынша психологиялық қызмет көрсету жұмысының жылдық жоспары.

Жаңалық ауылы.

2021-2022 оқу жылы бойынша психологиялық қызмет көрсету жұмысының жоспары

Психологиялық қызметтің бағыттары

1. Психологиялық зерттеу - білім алушылардың жеке тұлғалық психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін білу мақсатында:

- оқу және даму мәселесіндегі пайда болған себептерді табу;
- түзету жұмысы барысында сүйенуге болатын жеке тұлғаның күшті жағын, оның қосымша мүмкіншілігін анықтау;
- мамандыққа бейімділігін анықтау;

Мұғалімдер, оқушылар мен оқу орнының әкімшілігінің сұранысы бойынша диагностика және жоспарлы диагностика түрінде жүзеге асырылады, жекелей және топтық кеңестің дайындық кезеңдері, психологиялық педагогикалық консилиум, пед. кеңес ретінде қаралады.

2. Психологиялық алдын-алу - психологтың педагогтармен мақсатты бағыттағы жүйелі біріккен жұмысы, олар:

- әр топ оқушыларының әлеуметтік-психологиялық және психологиялық мәселелерін ескерту бойынша;
- ішкі тәртіп пен ережесін, оқушылардың ары мен намысын құрметтеу негізінде жасап, мұғалімдер мен оқушылар ұжымында қолайлы эмоционалды-психологиялық климат құру;
- қауіп-қатер тобы оқушыларын анықтау бойынша (түрлі негіздер бойынша).

Психопрофилактикалық диагностика қауіп-қатер тобындағы оқушыларды тауып (әлеуметтік-психологиялық және интеллектуалдық негізінде) және олармен түзету жұмыстарын жүргізуі керектігі туралы тұжырым жасау мақсатында баға әдісін қолдану арқылы оқушыларды тексеру түрінде жүзеге асады. Мектеп оқушыларының жеке тұлғалық дамуының түрлі мәселесін ескерту бойынша жүйелік жұмысын психолог психологиялық тренинг арқылы, саралы түрде оқушының жас мөлшеріне және түйінді мәселесіне байланысты, немесе тұрақты бір жастағы білім алушылардың психологиялық мәселесіндегі жұмысының білімі, біліктілігі мен дағдысының мазмұнына байланысты психологиялық тәрбие сағатында

жүзеге асырады. Сонымен қатар психолог басқа да білім беру мекемелеріндегі пәндердің мазмұнындағы берілген тақырыпты коса отырып, әдістемелермен қамтамасыз етеді.

3. Психологиялық дамыту-түзету - қауіп-қатер тобына жататын оқушыларға ерекше көмектің бағыты бойынша психологтың жүйелі, мақсатты бағытты жұмысы. Психолог білім беру мекемесі жағдайында ОЖЖ зақымдалуы салдарынан мінез-құлқында өзгерістері жоқ, немесе жүйке ауруымен ауырмайтын науқас емес тұлғалармен өздігінен жұмыс істеуге құқығы бар. Психолог білім беру мекемесінің ішкі ережесін бұзған оқушыларға тиісті әкімшілік тәрбиелік қызметінің жұмысын орындауға міндетті емес. Түзету жұмысы жеке және топтық жұмыс түрінде түзету және дамыту бойынша, сонымен қатар мінез-құлқында ұқсастықтары бар оқушылар үшін жасалған тақырыптық психологиялық тренинг түрінде жүзеге асырылады.

4. Психологиялық кеңес беру шаралары – мұғалімдер мен оқушылардың қиыншылықтарын түсіну, отбасындағы қарым-қатынаспен, қоршаған орта адамдары арасында, мектепте кездесетін жағдайлармен байланысты психологиялық мәселелерін шешіп және нақты талдауға көмек көрсету, жаңа қойылған және шешілген өзіндік шешімдерді қалыптастыруға көмек беру. Кеңес жеке және топтық түрде жүзеге асырылады.

5. Психологиялық ағарту – педагогтар мен ата-аналардың психологиялық мәдениетін арттыру, психологиялық қызметте психологиялық мәселелер бойынша ақпараттармен қамтамасыз ету жағдайларын қалыптастыру. Келесі түрде жүзеге асады: лекциялар, психологиялық әдебиеттердің тематикалық көрмелері, әңгімелер, семинарлар, ата-аналар лекториясы т.с.с.

Оқу орнындағы психологиялық қызмет жұмысы ҚР Конституциясы, ҚР «Білім» туралы Заңы, ҚР «Балалар құқықтары туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің бұйрығы 2011 жылғы 20 желтоқсан, №528. Орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидасы, ШҚО әкімдігінің 2015 жылғы 1 сәуірдегі 81 қаулысымен бекітілген психологиялық қызмет ережесі, 2015 жылдың 5 мамырында №3924 нормативтік құқықтық акті болып тіркелген ереже негізінде жүзеге асады.

Мақсаты

Психологиялық қызметтің **негізгі мақсаты:** жалпы педагогикалық процесті психологиялық тұрғыдан қамтамасыз етуде оқушыларға, сонымен бірге мұғалімдерге дұрыс бағыт бере отырып, әр жас кезеңіндегі оқушының жеке тұлғалық дамуына көмектесу, олардың өзін-өзі дамыту қабілеттерін қалыптастыра отырып, қызығушылығын арттыру, толеранттылыққа тәрбиелеу, психологиялық жағымды жағдай жасаумен қамтамасыз ету.

Міндеті

Психологиялық қызметтің негізгі міндеттері:

- Мектепалды даярлық тобы тәрбиеленушілерінің танымдық деңгейін зерттеу, дамытушылық жұмыстар жүргізу;
- 1, 5 сынып оқушыларының мектепке психологиялық бейімделуін қамтамасыз ету;
- 3-4 сынып оқушыларының танымдық деңгейін зерттеу, дамыту, түзету жұмыстарын жүргізу;
- 6-7 сынып оқушыларының топтағы психологиялық атмосферасын, тұлғааралық қарым-қатынастарын, жеке тұлғалық ерекшеліктерін зерттеу, анықталған мәселе бойынша психологиялық қызметті жүзеге асыру;
- 8-9 сынып оқушыларының өзін-өзі жетілдіруін, тұлғалық қалыптасуына ықпал ету мақсатында психологиялық қызметті жүзеге асыру;
- 8-9 сынып оқушыларының бейіндік алды дайындықтары, 10-11 сынып оқушыларының бейіндік дайындықтарын психологиялық зерттеу;
- Тәрбиеге қиындық келтіретін оқушыларды психологиялық көмекпен қамтамасыз ету;
- Суицидке бейім оқушыларды анықтай отырып, әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық қызметпен қамтамасыз ету;
- Педагогикалық ұжымға психологиялық қолдау көрсету;
- Құқықтық тәрбие беру мақсатындағы психологиялық қызметті ұйымдастыру;
- Ата-анасынан қамқорсыз қалған, толық емес, игіліксіз отбасынан шыққан оқушыларды психологиялық қолдау;
- Жасөспірімдерге психологиялық тұрғыда жыныстық тәрбие беру;
- Мектеп бітіруші түлектерді психологиялық қолдаумен қамтамасыз ету;
- Үлгерімі төмен, қабілетті оқушыларды психологиялық қолдау;

- Діни экстремизм, терроризмнің алдын алу мақсатында психологиялық қызметті жүзеге асыру;
- Ата-ананы педагогикалық психологиялық ағарту жұмыстарын жүзеге асыру;
- Педагогикалық психологиялық консилиум өткізу;
- Ерекше оқытуды қажет ететін оқушылар мен ата-аналарды педагогикалық психологиялық сүйемелдеу;
- Оқушыларды ОЖСБ, МҚА, ҰБТ бойынша психологиялық қолдау;

Педагог- психологтың 2021-2022 оқу жылына арнаған жылдық жұмыс жоспары.

Р\с	Іс шаралар	Жұмыс түрлері	Нысаналы топ	Орындау мерзімі	Ескертулер	Есептілік нысаны
I.Диагностикалау						
1	Мектепалды даярлық топ тәрбиеленушілері ,1 ,5-сынып оқушыларының мектепке бейімделу жұмыстары	әдістемелер	Мектепалды даярлық топ тәрбиеленушілері ,1 ,5-сынып оқушылары	06. 09 17 .05. 2021.		Хаттама
2	Мектепке жаңадан келген оқушыларды сынып ұжымына бейімдеу.	Бақылау	1-11 сынып	Мерзімін де	Қажетіне қарай	Хаттама
3	5-сынып оқушыларын орта буынға психологиялық бейімделуін зерттеу	<ul style="list-style-type: none"> • 3.Филипстің мектептегі мазасыздық деңгейін анықтау тесті • Социометрия • «Менің сыныбым әдістемесі» • Таным процестерін зерттеу 	5-сынып оқушылары	06. 09 30.09.2021	Қажетіне қарай қайталау	Хаттама
4	11-сынып оқушыларының ҰБТ ға дайындық деңгейін тексеруге кірісу,мамандық таңдаудағы еріктілігі мен нақтылығын анықтау	Тест «Жапалақ па,Бозторғай ма?»	11-сынып	13.09		Хаттама

5	ЕББҚЕО және үйден оқитын оқушыларды анықтау, тізім алу.	Анықтау	1-11 сынып	02.09 30.09.21 ж		Анықтама
6	«Тәуекел топ» оқушыларын анықтау	<ul style="list-style-type: none"> • Бақылау әдісі (іштей, арал аса) • Сынып жетекшімен әңгіме жүргізу 	1-11 сынып	04.10 08.10.21 ж		Аналитикалық есеп
7	9-сынып оқушыларының мамандыққа бейімділігіне зерттеу диагностикасы	<ul style="list-style-type: none"> • Климовтың ДДС • А.Е.Голомшток «Қызығушылық тар картасы» тест 	9-сынып	26.10 29.10.21 ж		Хаттама
8	Суицидке бейімділікті анықтау тесті	Тест	8-11 сынып	18.10 22.10.21 ж		Хаттама
9	Оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын зерттеу	Тест	6, 7, 8 -сыныптар	1.11		Хаттама
10	Тұлғалық ерекшелікті зерттеу	Панарин тесті	2-4 сынып	3.11.21ж		
11	Белгілі бір себеппен келген ата-аналарды сауалнамалау	Сауалнама	Ата -ана	Мерзімін де	Қажетіне қарай	Хаттама
12	9- 11 сынып оқушыларының мамандыққа бейімділігін анықтау	ДЖ.Голланд кәсіпті таңдау тесті	9- 11 сынып	02.12 03.12.21 ж		Анықтама
13	Оқушылардың сабақтарына қатыса отырып, пәнге деген	Сабаққа қатысу	4-9-сынып	06.12.21 ж		Аналитикалық
14						ық

	қызығушылықтары мен қабілеттерін анықтау					анықтама
15	Даярлық топ тәрбиеленушілерінің танымдық деңгейіне диагностика жүргізу	Әдістеме	Даярлық топ	13.12.21 ж		
16	Бастауыш сынып оқушыларының таным процестеріне(есте сақтау, ойлау, зейін) диагностика жүргізу	Әдістеме	2-3-4сынып	10.01.22 ж		қорытынды хаттама
17	Оқушы темпераментін зерттеу	В.Волкова әдістемесі	2-3-4сынып	01.02 03.02.22 ж		Хаттама
18	10-сынып оқушыларын зерттеу	<ul style="list-style-type: none"> • А.Е.Голомшток «Қызығушылық тар картасы»тест • Е.Кречмердің мінез -құлық ерекшеліктері • К.Юнгтің жеке тұлғаның 	10-сынып	01.03 04.03.22 ж		Хаттама
19	Педагогикалық ұжымның психологиялық ахуалын зерттеу.	<ul style="list-style-type: none"> • типологиясын анықтау тесті • Ынталандыру деңгейін зерттеу • Көшбасшылықт 	Ұжым	14.03 18.03.22 ж		Хаттама

		ы анықтау				
20	Мектепалды даярлық топ тәрбиеленушілеріне диагностика жүргізіп, жыл бойында өткізілген зерттеулермен салыстырмалы мониторинг жасау	зерттеу	Мектепалды даярлық топ	04.04 08.04.22 ж		Қорытынды хаттама
21	Емтиханға психологиялық дайындық, психологиялық қолдау		9- 11 сынып	03.05 06.05.22 ж		Анықтама
II .Алдын –алу, ағарту жұмыстары						
Р\с	Іс- шаралар	Жұмыс түрлері	Нысаналы топ	Орындау мерзімі	Ескертулер	Есептілік нысаны
1	Ата аналардың педагогикалық психологиялық сауаттылығын дамыту	Семинар	Ата аналар	06.09 17.05. 2021.		
2	Пән мұғалімдері мен сынып жетекшілерге орта буын оқушыларының психологиялық ерекшелігі жайлы ақпарат беру	Отырыс	Ұжым	13.09		Анықтама
3	«Мамандықтар әлемі»	Шағын дәріс	9- 11 сынып	20.09.21 ж		Анықтама
4	Депрессивтілігі жоғары білім алушыларға тыныштандыру релаксацияларын өткізу	Релаксация	1- 11 сынып	Мерзімін де	Зерттеу қорытындысы негізінде анықталған жағдайда	Анықтама

5	«Стрессті жеңудің әдістері, мазасыздықпен күресі жолдары»	Таратпа материалдар	9- 11 сынып үшін	18.10.21 ж		Анықтама
6	11 сынып оқушыларының өзіне сенімділігін арттыруға бағытталған ағарту жұмысы	Дәріс	11 сынып	15.11.21 ж		
7	«Көтеріңкі көңілдің ұстазы еңбегіде жемісті»	Тренинг	Ұстаздармен	18.11.21 ж		Анықтама
8	«Жасөспірімділік кезеңнің ерекшеліктері»	Дәріс	7-11 сыныптар	19.12.21 ж		Анықтама
9	Адамның адамгершілік жыныстық дамуы, ерте жастағы некелер мен олардың психологиялық зардаптары	Слайд Баяндама Таратпа материалдары	9- 11 сынып үшін	19.01.22 ж		Анықтама
10	Мазасыздық, агрессивтілікті жою жаттығулары	Тренингтік жаттығулар	1- 11 сынып	Мерзімін де	Қажетіне қарай	Анықтама
11	Оқушылардың көңіл- күйлерін бақылау	бақылау	1- 11 сынып	Жыл бойы		
12	«Нашақорлықтың алдын алу» көпсатылы бағдарламаның орындалуын қадағалау <ul style="list-style-type: none"> • Спортпен шұғылдану • Үйірмелерге тарту • Зиянды әдеттерге бой алдырмау 		1- 11 сынып	Жыл бойы		Анықтама
13	Қыз бала мәдениеті жөнінде тәрбие жұмысымен біріктірілген жиналыс өткізу	Жиналыс	8-11 сынып қыздары	04.03.21		Анықтама
14	«Мен және біз»	Тренинг	Ата- аналармен	25.02.22		Анықтама

				ж		
15	Бірінші сынып оқушыларының психологиялық даярлығымен таныстыру.	Отырыс	Ата- аналар Мұғалімдер	08.04.22 ж		
16	«Заң және заман» тақырыбында	Дөңгелек үстел	7-11 сынып	13.04.22 ж		Анықтама
17	«Қорқынышты жеңу» тақырыбында	Шағын дәріс	13.05.22ж			
III .Психологиялық кеңес беру						
Р\с	Іс- шаралар	Жұмыс түрлері	Нысаналы топ	Орындау мерзімі	Ескертулер	Есептілік нысаны
1	Жекелеген ата- аналарға педагогикалық- психологиялық көмек	Кеңес	Ата -ана	Қыркүйек		Кеңес журналына тіркеу
2	Өзіндік потенциалы толық ашылмаған ,өзіндік анықталу деңгейі бойынша төмен оқушыларға жекелей және топтық кеңес беру	кеңес	Оқушылар	Қыркүйек		Топтық журналға тіркеу
3	Тәрбиеге қиындық туғызған оқушыларға жекелей және топтық кеңес беру.	Кеңес	Оқушылар	Қазан		Топтық журналға тіркеу
4	Оқушыларға пәнге қызығушылықтары бойынша кеңес беру	Кеңес	Оқушылар	Қараша		Журналға тіркеу
5	Сұраныс бойынша мұғалімдерге кеңес	Кеңес	Мұғалімдер	Мерзімін де		
6	Ата- аналардың бала тәрбиесіне сай жекелей кеңесі	Кеңес	Ата -ана	Мерзімін де		Кеңес журналы

7	Сыныпта шеттетіліп қалған оқушыларға кеңес	Кеңес	Оқушыға	Желтоқсан		
8	«Өзін-өзі ұстай білу дағдылары» бойынша кеңес	Кеңес	Оқушыларға	Қаңтар		Журналға тіркеу
9	«Мамандық таңдаудағы менің мақсатым» тақырыбындағы	Кеңес	5-11 сынып	Ақпан		Топтық журналға тіркеу
10	«Жағымсыз ойлардан қалай құтылуға болады?»	Баяндама Кеңес	8-11 сынып	Наурыз		
11	«Күн тәртібін реттеудегі психологиялық хал ахуал»	Кеңес	11 сынып	Сәуір		Топтық журналға тіркеу
IV. Түзету- дамыту жұмысы						
Р\с	Іс- шаралар	Жұмыс түрлері	Нысаналы топ	Орындау мерзімі	Ескертулер	Есептілік нысаны
1	Мектепалды даярлық топ тәрбиеленушілері, 1,5-сынып оқушыларының мектепке бейімделу жұмыстары бойынша психологиялық тренинг	Тренинг	Мектепалды даярлық топ тәрбиеленушілері, 1,5-сынып оқушылары	Қыркүйек		Анықтама
2	«Біз және біздің сынып!»	Тренинг	5-сынып үшін	19.09.21 ж		Анықтама
3	«Менің мүмкіндіктерім, менің болашағым»	Психологиялық тренинг	11 сынып	22.09.21 ж		
4	«Өмірде не тәтті?»	Депрессивтілігі жоғары оқушыларға тренинг		Қазан		Анықтама
5	«Мен өзімді мақтай аламын»	Өтпелі кезеңдегі оқушыларға арналған	6-7 сынып	Қараша	Қажетіне қарай	Анықтама

		тренинг				
6	«Отбасым -сыйластық,жарастық орнаған ортам!» «Қарым- қатынас данышпаны»	Ата -аналарға арналған тренинг	Ата -аналар	Қараша		Анықтама
7	«Сенімділік орнат» Оқушылардың өздеріне деген сенімдіктерін арттыру	Тренинг	9- 11 сынып үшін	Желтоқсан		Анықтама
8	Толеранттылық тренингі Өзіне айтылған сынға адекватты көзқараспен қарауды үйрету.		10-сынып үшін	Қаңтар		Анықтама
9	Танымдық деңгейдің көрсеткіші бойынша	Тренинг	Бастауыш сыныптар	Ай бойында		Анықтама
10	«Өз уақытыңды үнемде»	Психологиялық тренинг	9- 11 сынып үшін	28.01.22 ж		Анықтама
11	«Бала өмірімнің мәні»	Тренинг	6-сынып ата -аналарымен	25.01.22 ж		
12	Бастауыш сыныптарына арналған тренингтер –өткізу	Тренинг	Бастауыш сынып	Ай бойы		Анықтама
13	«Өмірлік оқиғаларға және жауапты жағдайларға өзінді қалай дайындау керек?»	Тренинг дәріс		Ақпан		Анықтама
14	ЕББҚЕО мен тренинг		1 ,6, 7 -сынып	Аптасын а бір		Анықтама
15	Мазасыздықты,агрессивтілікті,күйзелісті жоюға арналған жаттығулар	Жаттығулар	Мектеп бітіруші түлектер үшін	Сәуір		Анықтама

16	«Он бөлме»	Емтиханға психологиялық дайындық тренингісі	9- 11 сынып үшін	Мамыр		Анықтама Кеңес беру журналына тіркеу
V. Ұйымдастыру- әдістемелік жұмыс						
Р\с	Іс- шаралар	Жұмыс түрлері	Нысаналы топ	Орындау мерзімі	Ескертулер	Есептілік нысаны
1	Түзету- дамытушылық кеңес беру, ағарту іс әрекетіне арналған әдістемелік материалдарды әзірлеу	Теориялық материалдарды талдау	Оқу үрдісіне қатысушылар	Жыл көлемінде		
2	Білім беру мекемесінің қойылған міндеттерін ескере отырып, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларымен аймақтық инспектормен, әлеуметтік педагогпен, сынып жектекшілер және мектеп медбикесімен бірлесіп құрылған жұмыс жоспары бойынша іс-шараларды орындау	Жоспар жасау	мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары аймақтық инспектор, әлеуметтік педагог, сынып жектекшілер және мектеп медбикесі	Жыл көлемінде		
3	Әдістемелік бірлестіктердің отырысына қатысу және пәндік әдістемелік бірлестіктердің отырысына баяндамалар дайындау	Материалдар дайындау	Мұғалімдер	Жыл көлемінде		
4	Республикалық, қалалық, ауданды		Педагог-	Жыл		

	қ семинарлар мен конференцияларға қатысу		психологтар	көлемінде		
5	Білікті мамандармен бірлесіп жұмыс жасау, тәжірибе алмасу	Қатысу	Педагог-психологтар	Жыл көлемінде		
VI. Жыл көлемінде атқарылған жұмыстардың есебі						
1	Жыл көлемінде атқарылған жұмыстардың есебі әдістемелік бірлестік отырысында, педагогикалық кеңесте, директор жанындағы кіші және үлкен кеңесте, АББ нің сұранысы негізінде таныстырылады.					

Педагог- психолог:

Нигметова Л.Б